

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. 23.06.2009.

4. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы. «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 15 тамыз N 254-256.

5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН.

6. Студентке арналған нұсқаулық. Бірінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.

7. Тренерге арналған нұсқаулық. Бірінші басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.

Күмісбекова Жазира Науатбекқызы
ТарМПИ., аға оқытушы.
Тараз қ-сы.

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ САБАҚТА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Ақпараттық коммуникативті технологияларды сабақта пайдаланудың артықшылығы студенттердің интеллектуалды ойын дамытуға, кез-келген технологияларды тиімді пайдалана алуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, алынған мәліметтер бойынша болжам жасауға, жүйелеуге мүмкіндігін тигізеді. Қазір компьютерлендірілген гасыр болғандықтан дәріс сабағында да, семинар сабақтарында да АКТ-ні тиімді пайдаланса студенттердің ізденімпаздығы, сабаққа деген қызығушылықтары арта түседі.

Түйінді сөздер: креативті, құзыретті, флипчарт, бейнесұрақ.

АННОТАЦИЯ

Преимущества использования информационно-коммуникативных технологий на уроках оказывают эффективное воздействие на развитие интеллектуального мышления студентов, применяя различные технологии, также они воздействуют на развитие творческих способностей, на прогнозирование полученных сведений, на систематизацию знаний. Поскольку сейчас век компьютеризации, эффективное использование ИКТ на лекционных, семинарских занятиях возрастает интерес к уроку, повышается поиск у студентов.

Ключевые слова: креативный, компетентный, флипчарт, видео вопрос

ABSTRACT

The advantages of usage some information-communicative technologies in classes have got the effective influence on development of students intellectual thinking using different technologies, also they have got an influence on development of some art abilities, on seeing some received information, on systematization of knowledge. We have got a century of computerization, the effective usage some ICT on lectures, seminars rises the interest on a lesson, it is rised the searching at students.

Keywords: creative, competent, flipchart, video-question

«XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» болғандықтан бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды кез-келген сабақта пайдаланудың маңызы өте зор. Студенттердің өз бетінше білім алуына, ізденуіне көп мән берілуі тиіс. Олардың мамандық бойынша білім алуымен қатар ізденімпаз, тапқыр, ой-өрісі жоғары дамыған, өз ойын, пікірін ашық білдіретін, жаңашыл, креативті, заман талабына сай мұғалім етіп тәрбиелеу керек. Бүгінгі заман талабы – қоғамның дамуымен бірге болашақ жастарды, болашақ мұғалімдерді жаңашылдыққа, ізденімпаздыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Осы аталғандарды іске асыру үшін кез-келген сабақта ақпараттық-коммуникативтік технологияларды (АКТ) құзыреттілігін арттырып, тиімді пайдалану маңызды болмақ.

АКТ-ны сабақта пайдаланудың артықшылығы студенттердің интеллектуалды ойын дамытуға, кез-келген технологияларды тиімді пайдалана алуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, алынған мәліметтер бойынша болжам жасауға, жүйелеуге мүмкіндігін тигізеді. Қазір компьютерлендірілген ғасыр болғандықтан дәріс сабағында да, семинар сабақтарында да АКТ-ні тиімді пайдаланса студенттердің ізденімпаздығы, сабаққа деген қызығушылықтары арта түседі.[2.386.]

Педагогика пәнінен «Жеке тұлға дамуының көпқырлылығы» тақырыбында семинар сабағын өткіздім. Сабақты түсіндіру мақсатында тақырыпқа байланысты флипчарт дайындадым. Жоспарда берілген сұрақтарды ашу мақсатында тапсырмаларды орындау керек яғни берілген сөздердің мән-мағынасы ашу, түсіндіру. Студенттер берілген сөздерге жауап беруі тиіс (1-сурет), тексеру үшін Activpen пайдаланып берілген сөздерді ұяшыққа апарып студенттердің жауабын тексеріледі.(2-сурет)

1. Адам, индивид, жеке тұлға ұғымдары

Тапсырма 1. Берілген ұғымдардың мәнін ашу.

Адам - өзіне тән биологиялық құрылысы бар тіршілік иесі

Индивид - «жеке-лік», адамзат тұқымының еш қасиеттері ескерілмеген бір өкілін білдіреді

Жеке тұлға - адамның қоғамдық сипатын танытып, оның өмір барысында өзіне топтаған әлеуметтік сапалар мен қасиеттер жиынтығы

Жеке тұлғаның қалыптасуы - өмір бойы даму мен тәрбиенің нәтижесінде жеке адамның орнығып жетілуі

Жеке тұлғаның дамуы - жеке адам сапалары мен қасиеттеріндегі сандық өзгерістер жүйесі

Жеке тұлғаның ерекшелігі - өзіне тән мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, қозғалысындағы ерекшелігімен даралануы

1. Адам, индивид, жеке тұлға ұғымдары

Тапсырма 1. Берілген ұғымдардың мәнін ашу.

Адам - өзіне тән биологиялық құрылысы бар тіршілік иесі

Индивид - «жеке-лік», адамзат тұқымының еш қасиеттері ескерілмеген бір өкілін білдіреді

Жеке тұлға - адамның қоғамдық сипатын танытып, оның өмір барысында өзіне топтаған әлеуметтік сапалар мен қасиеттер жиынтығы

Жеке тұлғаның қалыптасуы - өмір бойы даму мен тәрбиенің нәтижесінде жеке адамның орнығып жетілуі

Жеке тұлғаның дамуы - жеке адам сапалары мен қасиеттеріндегі сандық өзгерістер жүйесі

Жеке тұлғаның ерекшелігі - өзіне тән мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, қозғалысындағы ерекшелігімен даралануы

Сурет-1. Берілген ұғымдардың мәнін ашу Сурет-2. Тапсырманы тексеру мысалы

Келесі тапсырмада М.Жұмабаев, С.Рубинштейн, В.Тугариновтың суреттерін және «Жеке тұлға дамуына» қосқан үлестері мен идеяларын және анықтамаларын интернетті пайдалана отырып табу керек және топта талқылайды, қорғайды. Бұл тапсырманы орындау арқылы қажетті ақпаратты іздеуді үйренеді, пән аралық байланысты тереңдетеді. Интернетпен жұмыс – тақырыпқа байланысты материалдарды тауып, оларды топпен талқылау жүргізу студенттердің жан-жақты өз бетінше сыни тұрғыдан ойлап, білім алуға, диалогтік қабілетін арттыруға дағдыландырады.

«Ой қозғау» тапсырмасы, яғни жеке тұлғаға байланысты «Менің атым Қожа» фильмінен қысқаша бейнежағдаят көрсетіліп, әр топ өз ойларымен бөлісті. Бір-бірінің пікірін тыңдап, түйінді ойлар, нақты шешімдерін ортаға салды.

Келесі тапсырма сиқырлы сандықшада жасырылған сөздерді тиісті ұяшықтарға орналастыру. Әр топ тапсырманы топпен талқылап, сандықшада жасырылған анықтаманы тиісті орнына қою керек (3,4-сурет)

2. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру, іс-әрекет түрлері: ойын, оқу, еңбек, таным.

Тапсырма: сиқырлы сандықта жасырылған сөздерді орнына апар

Әлеуметтендіру

Әлеуметтік бейімделу (адаптация)

Әлеуметтік кемелдену

Сиқырлы сандық

2. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру, іс-әрекет түрлері: ойын, оқу, еңбек, таным.

Тапсырма: сиқырлы сандықта жасырылған сөздерді орнына апар

Әлеуметтендіру

Әлеуметтік бейімделу (адаптация)
Индивидтің қоршаған орта жағдайларына ыңғайлануы

Әлеуметтендіру - мәдени элементтерді түсіну, әлеуметтік мұраттар мен құндылықты игеру негізінде жеке тұлға қасиеттерін қалыптастыру.

Әлеуметтік кемелдену
Өзінің іс-әрекетін жүзеге асыруы, тәртібі, тұлғаның өзі туралы пікірі, өз-өзіне баға беруі

Сиқырлы сандық

Сурет-3. Жасырылған сөзді орнына қою Сурет-4. Тапсырманы тексеру

Сабақты қорытындылау мақсатында «Педагогика» пәнінен дайындалған мультимедиялық электронды оқулықты пайдаландым. Онда тақырыпқа байланысты тест сұрақтары берілген, барлық сұраққа жауап берген соң, соңында пайыздық көрсеткішпен нәтижесі шығады. Ал сұрақтардың реті ауысып отырады. Әр топ 10 сұрақтан жауап берді. Жоспардағы сұрақтар толығымен орындалған соң «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы әр топ бірін-бірі бағалады. Сабақтан алған әсерлерін білу үшін студенттерден интервью алдым.

Студенттердің жауабына тоқталар болсам:

Бөлекбай Жанар: Бүгінгі сабақтан өте жақсы әсер алдым, өткендегі сабаққа қарағанда студенттердің белсенділігі жоғары болды.

Пулатова Нұргүл: Бүгінгі сабақ жоғары деңгейде өтті, студенттер барлық берілген сұрақтарды қызығушылықпен аша білді, жаңа технологияларды жақсы қолдана білдік деп ойлаймын.

Абдушукурова Айдана: Бүгінгі сабақтың жақсы өткенін тақтадағы жүректерден ақ көруге болады, студенттердің барлығы қатысты, АКТ-ны тиімді пайдалана білдік, сабақ жақсы өтті.

АКТ-ды сабақта тиімді пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту процесін жетілдірудің бірден бір жолы десек артық айтпағанамыз.

Семинар сабақтарымда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы студенттердің білім деңгейлерінің көтерілуіне, сабаққа деген қызығушылықтарының артуына жағдай жасадым. Сонымен қатар студенттердің өзіндік жұмыстарын «әлеуметтік желі» (ВК) арқылы қабылдаймын, яғни мен «әлеуметтік желі» арқылы пәнге байланысты тапсырмалар беремін, студенттер берілген уақытта тапсырманы орындап жібереді. Мен тапсырмаларының қалай орындалғанын тексеріп кері байланыс жазамын. Сонымен қатар бейнежағдаят жіберіп студенттерден пікір қадыруын сұранамын. Әлеуметтік желі арқылы орындалатын тапсырмалар өздігінен ізденуге, шешім қабылдай білуге бағытталады, ақпараттық мәдениетін қалыптастырады және де ақпаратты өңдей білуге үйретеді, студенттер өз бетімен жұмыс жасайды.

«Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие процесіне енгізудің тиімділігі неде?» деген сұраққа тоқталатын болсақ:

1. Жалпы компьютерлік желілерді пайдалана отырып кез-келген сабақты тартымды түрде қызықты етіп өткізуге мүмкіндік туады;
2. Уақытты тиімді пайдаланса, аз уақытта көп мәлімет алады;
3. Әлеуметтік желі арқылы тапсырма орындағанда қашықтықтан білім беру мүмкіндігі туады;
4. Студенттердің өз бетімен жұмыс жасауына мүмкіндігі туады;
5. Студенттердің таным түсінігі, сыни ойлау қабілеті дамиды;
6. Студенттерді шығармашылық жұмыс жасауға баулиды, оқулықтан тыс қосымша мәліметтер алады;
7. Тақырыпқа байланысты слайдтарды, флипчарттарды, суреттерді, видеоларды, кестелерді тиімді пайдалану;
8. Мультимедиялық электронды оқулықтарды пайдалану сабаққа жаңашылдық енгізеді.

АКТ-ны пайдалану барысында студенттердің ақпараттық құзіреттілігі қалыптасады, қазіргі заман талабына сай интернет ресурстарды пайдаланады және білім беру процесінде студенттің шығармашылық қабілетінің дамытуына мүмкіндік береді.

Білім беру саласында түрлі жаңаша технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде пәнге байланысты тиімді қолдану басты мақсат болып табылады. Мәселен технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Ол мұғалімнің біліктілігінде, білімділігінде, шеберлігінде. Жаңа технологияларды, АКТны пайдалану тек ғана нәтиженің құндылығын көрсету емес, білім беру процесін көтеруге де мүмкіндік береді.

Жаңа ақпараттық коммуникациялық технологияны пайдаланудың төмендегідей артықшылығы бар:

- Білім мазмұнының заман талабына сай болуы;
- Болашақта қажетті білімді толығымен алу;
- Білімді өздігінен меңгеру;
- Өзін-өзі бағалай алуы;
- Өз күшіне сенімділіктің болуы;
- Өз жетістігін көре алуы;
- Студентті ізденіске, шығармашылыққа бағыттауы. [4. 112б]

ЖОО оқу-тәрбие процесінде электронды оқулықтарды кеңінен пайдалану оқыту мазмұны мен әдістерінің интенсивтілігін, оқытудың тиімділігін күшейтеді, мұғалімнің инновациялық даярлығын арттырады.

Сонымен қатар ақпараттық технологияландыру адамның белсенділігіне, білімділігіне, шеберлігіне, мәдениетіне, ал жалпы айтқанда, ғылым мен көзқарасқа түбегейлі әсер етеді. Ақпараттық технология білімді өңдеумен анықталып, қоғамның материалдық және рухани жағдайын өзгертеді. Кез-келген сабақта АҚТ-ны тиімді пайдаланса, студенттердің креативті ойлауы артып, шығармашылық қабілеттері қалыптасады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жанпейсова М.М. (2002). Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы.
2. Ержанова А. (2005). Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану.
3. «Информатика негіздері» журналы №4. (2008). Ж. Садыбекова «Оқу – тәрбие үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі»
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. (2010). Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа»,
5. «Білім технологиялары» журналы № 2. (2010).
6. Караев Ж.А.(1993). Дидактические основы компьютерной технологий обучения в школе //Информатика. Физика. Математика.

Қонақбаева Тұрсынбай Ергенбайқызы
ТарМПИ, аға оқытушы
Тараз қ-сы

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ АРНАЙЫ КУРСТА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

АННОТАЦИЯ

Өзектілігі: Қоғам талабына сай әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекеге қабілетті тұлғаға жүйелі және нақты білім беруде инновациялық технологияларды ендіру.

Мақсаты: инновациялық технология ұғымының мазмұнын талдап, ЖОО арнайы курста ИТ қолданудың тиімділігін көрсету.

Әдісі: Интерактивті тақта, электрондық кітапхана, арнайы компьютерлік бағдарламалардың әдістемесі мен технологиясы.

Нәтиже: Инновациялық технологияларды қолдану оқу үдерісін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге және әрбір білімгердің өзіндік іздену жолын табуға, әрбір оқытушының өзінің әдістемелік жүйесін құруға негіз болды.

Қорытындылар: Бәсекеге қабілетті болашақ педагог мамандарды даярлауда ПОҚ өз құзіреттіліктері мен біліктіліктерін жетілдіріп, педагогикалық тәжірибе нәтижесінде әдістемелік құралдар мен амал-тәсілдерін терең игеру мен іске асырып отыруы керек.